



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті
Серік Мәуленұлы!**

Сізді және сіз басқарып отырған ұжымды университеттің 80 жылдық мерейтойымен Ұлттық ұлан Ғскери институтының басқармасы, ғылыми кеңесі, профессорлық-оқытушылар құрамы және ардагерлері атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тарихы Қазақстан Республикасының тарихымен, оның мәдениетімен, білім беруімен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасындағы алғашқы жоғары оқу орындарының бірі ретінде оның дамуы мен қалыптасу тарихын ерекше атауға болады.

Университет болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында және заманауи өндіріс жағдайында кәсіби дағдыларды жетілдіру үшін студенттерге барлық жағдайлар жасалып, қазіргі заман талабына сай білім көздерін және тәжірибе түрлерін халықаралық деңгейге дейін ұйымдастырылып жатқаны анық көрінуде. Бәсекеге қабілетті біртұтас аса мәдениетті және әлеуметтік жауапкершілігі бар тұлға ретінде, қоғамдық-саяси белсенділігі арттырылған ұлтжанды азаматтар қалыптасып келе жатқаны анық көрінеді.

Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік мамандарды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрінуде. Отанымыздың өркендеуі және халқымыздың игілігі жолында әлі де талай тәнті істер атқарлатындығына кәміл сенімдіміз.

Сізді және сіз басқарып отырған ұжымды салтанатты күнмен шын жүректен құттықтаймыз. Өзіңізге және ұжымның отбасыларына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз! Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болсын.

Ізгі ниетпен,
**Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы
Әскери институтының бастығы**
полковник
2017 жылғы «13» қазан



С. Абселемов